







**Қысқа мерзімді жоспар 28 сабақ**

<b>Пәні</b>	Әдебиет, «Алматыкітап» баспасы, 2019 жыл
<b>Сыныбы</b>	4 «И»
<b>Мұғалім</b>	Утебаева Г.Ж.
<b>Бөлім / Unit</b>	Мәдени мұра / Мәдениет
<b>Негізгі ой</b>	Мәдени мұра ұлттық құндылықтарымызды көрсетеді.
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Халқымыздың салт - дәстүрлері</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру;
<b>Сабақтың мақсаты (бағалау критерийлері)</b>	- Сөйлеу барысында иллюстрацияларды қолданады. -Оқу түрлерін қолданады. -Сөйлеу барысында қатені тауып, түзетеді.
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу және түсіну, қолдану, талдау.
<b>Оқушы профилі</b>	Үйлесімді, ойшыл, кең ойлайтын тұлға
<b>Ұстанымдар</b>	«Біз кіміз?»

**Сабақтың барысы**

<b>Сабақтың кезеңдері/ уақыты</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Ұйымдас тыру кезеңі 5 минут	«Әзіл аралас сұрақтар» арқылы мұғалім сабақты өткен сабақпен байланыстыра отырып бастайды. Әзіл аралас сұрақтар:Мақалбай атайдың төмендегі сұрақтарына мақалмен жауап беріп көріндер-деген ұсыныс айтады.	Қандай бала сүйкімді? (Өнерлі бала сүйкімді) Тастың жеңілі бола ма? (Керек тастың ауырлығы жоқ) Қандай кілт аспанда болады? (Кісідегінің кілті аспанда) Кімнің көзі үлкен? Кімнің сөзі үлкен? (Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен)	Мұғалімнің қолдау және мадақтау сөздері. -Тамаша! -Жарайсың! -Ғажап!	  Слайд
Өткенді бекіту 5 минут	«Тик - ток» әдісі Біз сұрақтарға қалай жауап бердік?Мақал-мәтелдер мен қоса қандай тұрмыс-салт жырларын білеміз? Олардың барлығы бізге қалай жетті? Ата-бабаларымыздан бізге қалған басты құндылықтардың бірі әрі бірегейі не деп ойлайсыңдар? Қандай салт-дәстүрлерді білеміз?-деген сұрақтар арқылы жаңа тақырыпты таныстырады.Сабақтың мақсатын айтады.	-Біз сұрақтарға мақалда тып жауап бердік; - Төрт түлік туралы, бесік жыры, жар-жар, батырлар жыры білеміз; -басты құндылықта рымыз: салт-дәстүрлер. -тұсау кесер, бесік жыры, тілашар, тағы басқа білетін салт пен дәстүрлерін айтады. жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. Сабақтың мақсатымен танысады. ЕБК; жеңіл сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор - Өткенді қайталайды; -бүгінгі тақырыпты ашады;  ҚБ: 1перне	Оқулық 
Сабақтың ортасы 5 минут	Тыңдалым мен айтылым. Ойлау дағдысы:білу, түсіну. ЖЖ. Әдіс: «Түрлі-түсті хат» Алдымен хаттарды жұптарға таратып, қазір тыңдайтын және көретін	Жұптар әртүрлі түсті хатқалта алады. Қарын даштарын дайындайды. «Бесік жырын» тыңдайды. Қажет ақпараттарды хатқа түртіп отырады. Одан соң «Тұсаукесер»	Дескриптор - салт-дәстүрлермен танысады; -бесік жыры мен тұсау кесу туралы	Оқулық 

	салт-дәстүрлер туралы ақпараттарды хатқа түртіп алып отыруды тапсырады. «Бесік жыры» өлеңін автордың дауысымен тыңдатады. Одан соң «Тұсаукесер» рәсімін көрсетеді. -Неліктен салт-дәстүрді ұмытпай жалғастыру керек?-деп сұрайды. Салт-дәстүрдің маңызын түсіндіреді.	рәсімін көреді. Оны да тыңдап, түйген ойларын түртіп, жазып отырады. Сосын мұғалімнің: -«Неліктен салт-дәстүрді ұмытпай жалғастыру керек?»-деген сұрағына жауап береді. Салт-дәстүрдің тәрбиелік мәнін ұғады.ЕБҚ: тірек сөздер жазылған хат алады.	ақпарат алады; ҚБ: 2 перне	 <a href="https://youtu.be/mRabVOaw2wY?si=KIXkroyCBfC4_D7z">https://youtu.be/mRabVOaw2wY?si=KIXkroyCBfC4_D7z</a>
Сабақтың ортасы 8 минут	Оқылым. ТЖ Ойлау дағдысы: қолдану Әдіс: «Кинометафора» Әр қатардағы балаларды бір топқа жиналуды ұсынады. Одан соң әр топқа киноленталар таратады. Оқулықтағы «Бесік жырын» түсініп, мәнерлеп, тізбектеп оқытады. Оқып болған соң қолдарындағы хатта жазылған тірек сөздер арқылы кинолентаға иллюстрация жасауды тапсырады.	Әр топ мүшелері тізбектеп, дауыстап, мәнерлеп, түсініп «Бесік жырын» оқып шығады. Одан соң хатқа жазған тірек сөздерді негізге алып, қысқаша жырдың мазмұнын иллюстрация лайды. Әр топ жеке-жеке таныстырады. Сөйлеу кезінде мақал-мәтел қолданады.ЕБҚ: топта дайын суреттерді жапсырады және өзіне таныс сюжет бойынша түсінгенін айтады.	Дескриптор -Оқу түрлерін қолданады. - Сөйлеу барысында иллюстрацияларды қолданады. -Сөйлеу барысында мақал-мәтел қолданады; ҚБ: 3 перне	Оқулық  
Сергіту сәті 5 минут	«Бесік жырын» айтуды / тамашалауды ұсынады.	«Бесік жырын» айтады/тамашалайды.	Жарайсыңдар!	Әннің сілтемесі 
Сабақтың ортасы 7 минут	Жазылым. ӨЖ Ойлау дағдысы: талдау Әдіс: «Қабырғадағы рөл» Бесік жырын тыңдап өскеннің қаншалықты маңызды екенін екі сөйлеммен жеткізуді ұсынады. Бесік жыры – ананың баласын айтқан тілегі. Осы тілегі қабыл болған аналардың балалары үлкен жетістіктерге жететіндігін дәлелдейді. ЕБҚ: дайын мәтінді көшіртеді.	Бесіктен өсіп шыққан тұлғалар туралы, бесік жырының маңыздылығы туралы қысқа мәтін жазады. Сөйлемдегі сөздердің дұрыс байланысына мән береді. Мысалы: Бесік жырын аналар балаларын ұйықтатар кезде жақсы тілек айту үшін орындаған. Ананың тілегі әрқашан қабыл болады. Бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталып келеді.	Дескриптор - эссе жазады; -жүйелеп, қатесіз жазады; ҚБ: 3 перне	Дәптер 
Кері байланыс 5 минут	«Wordwall-ойын» арқылы сабақтан алған білімдерін қорытындылап, бағалайды.	Тест арқылы қатені түзетеді, алған білімдерін қорытынды лайды.	Дескрипторы: -алған білімін бекітеді; ҚБ: 1 перне	<a href="https://wordwall.net/ru/resource/63283146">https://wordwall.net/ru/resource/63283146</a>
Рефлексия 5 минут	«Рефлексия билеті» әдісімен сабақтан алған әсерін анықтайды және үйге тапсырма береді.	Сабақтан алған әсерін білдіреді. Үйге: «Салт-дәстүрлердің тізімін жазып келу».	Ең қызықты бөлігін анықтау	